

Ясауи университеті

yasaui.gazeti@ayu.edu.kz

университеттегі студенттерінің үні

№5 (582) 16 сәуір 2025 жыл

Жарқ етіп сөнген жарық жұлдыз

Жуырда Түркістан қаласында Оқушылар сарайында Сидней олимпиадасының чемпионы Бекзат Саттархановқа арналған «Жарқ етіп сөнген 20 жас» атты кітаптың тұсауекесері өтті. Іс-шараға оқушылар, спортшының жақындары және Түркістан қаласына белгілі тұлғалар қатысты.

— Был Бекзат Саттархановтың туғанына 45 жыл, өмірден өткенінен 25 жыл толып отыр. Жалпы бұл кітаптың идеясының авторы Түркістан оқушылар сарайының директоры Икапова Индира. Мен Бекзат жайлы мақала, деректер және өлеңдер жинап жүрген болатынын. Индира Сарқытқызы «қолдау көрсетеміз, кітапты шығарып береміз» дегендесін айтты. Содан кейін 25 жылдық жылнамаларды, архив ақтарып Бекзат Саттархановқа арнал жазылған кандай ақпараттар мен өлеңдер бар солардың барлығын жинақтап осындай кітап етіп шығардық. Кітапта Б. Саттархановқа арналған біздің ақындарымыздың 45 өлеңі және сөзін өн, (оның сөзі бар) 3 күй бар. Ол күйлердің ноталары одан бөлек басқа авторлар жазған 12 кітап пен солардың тізімі және Б. Саттарханов арналған тараулары бар 18 кітап, жалпы саны отыз кітаптың тізімі(билиографиясы) берілді. Б. Саттарханов атындағы мектеп, көшелер, кешендердің тізімдерін өнгіздік. Алдағы уақытта қолымыздары бар мәліметтерді жинап кітаптың жалғасын шығарамыз деген отырмыз-дейді кітап құрастыруши Ержан Арғынбай.

Айта кетейік, бұл кітап Бекзат Саттарханов жайлы мәліметтерге толы. Шараға келген оқушылар Олимпиада чемпионы жайында біршама ақпаратқа қол жеткізді.

**Әлфарағи Қерім,
3-курс студенті.**

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Оқу ордамызда «Түркі халықтарының зияткерлік ойындары: өзектілігі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.



Конференцияны ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Ұлттық ғылыми-практикалық деңе тәрбиесі орталығы мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, сондай-ақ оқу ордамыз бірлесе үйімдестірді.

Басты мақсат – елімізде ұлттық спорт түрлерін дамыту үшін жоғары оқу орындары, кәсіптік және техникалық, орта, мектепке дейінгі білім беру үйімдарының деңе шынықтыру педагогтарының теориялық білімі мен шығармашылық дағдыларын үштастырып, тәжірибе алмасу. Іс-шараға қатысушылар, ең алдымен «Түркі халықтарының зияткерлік ойындары» көрмесін тамашалады. Тек тамашалап қана қоймай, ойнап та көрді.

Жиынды ашып беру үшін алғы сөзді ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Ұлттық ғылыми-практикалық деңе тәрбиесі орталығының бас директоры Арман Ташметов бастады.

«Бұл конференция – түркі әлемінің бай мұрасын, соның ішінде ұлт руханияты мен парасатын үштастыратын зияткерлік ойындарын жаңғыруға, зерттеуге және кеңінен насиҳаттауға бағытталған маңызды жынын. Зияткерлік ойындар – ұрпаққа білім мен тәрбиені қатар беретін терен магыналы рухани құндылық!

Бұғынгі таңда ұлттық ойындарды ғылыми негізде жүйелеу, оларды білім беру мен тәрбие үдерісіне

енгізу уақыт талабына айналды. Осы ретте, конференция асындағы баяндамалар мен пікірталастар түркі халықтарының ортақ ғарнірхияның сақтап, келешек ұрпаққа жеткізудің тиімді жолдарын ұсынады деген сенемін» деді Арман Ташметов.

Келесі кезекте, Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры Мустафа Гиритлиоглу:

«Ұлттық зияткерлік ойындар – жайға ойын емес, түркі халықтарының ортақ мұрасы, дәстүрі. Ойлау қабілетін дамыттын заманауи алаң. Бул ойындар жастарымыздың зияткерлік қабілетін дамыттын, сондай-ақ, ұлттық тамырымен байланысы терендететін рухани көпір.

Біздің университетімізде ұлттық зияткерлік ойындарды дамыту мақсатында – 2022 жылы «Түркі халықтарының зияткерлік орталығы» ашылды. Орталықта оқу ордамызда оқытын студенттер мен қала жастары ұлттық зияткерлік ойындарды үйреніп жүр» деді.

Пленарлық отырыс шеберлік сабактар мен көрмелерге үласты. «Ұшбас» спорттық асъық ойынының дамуы, Ұлттық ойындар «Бес кеней» мен «Хан дойбысы» туралы баяндамаларды оқыды. Сондай-ақ, секциялық отырыстарда өзге де зияткерлік ойындар жайлы ақпараттар берілді.

«Ясауи ақпарат».

Жұырда «Қазақ тілі – ғылым тілі: жасанды интеллект және терминология» II халықаралық симпозиум өткені белгілі. Жиын барысында «Ахмет Ясауи университеті – Жаһандық жас ғалымдар» фотокөрмесі, «Креативті индустрияның тілтанымдық негіздері: әзірлемелер мен жобалар» көрмесі үйімдестірылды. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, «Тіл-Қазына» үлттых ғылыми-практикалық орталығының жасанды интеллект негізінде әзірлеген жобалары көшпілік назарына ұсынылды.



ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҒЫЛЫМНЫҢ ТҰҒЫРЫ

«Ғылым мен технологиялар тоғызындағы қазақ тілінің болашағы» тақырыбындағы пленарлық отырысты университет ректоры Жанар Темірбекова жүргізді. Жиында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Қөшеров, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, лингвист, профессор, ҚР ҰҒА академигі Шерубай Құрманбайұлы, «Bilik» журналының редакторы Фырат Пұрташ құттықтау сөз сейлеп, қазақ тілінің ғылым саласындағы рөлін талқылады.

Симпозиум барысында тұнымал ғалымдар, филологтар, профессорлар қазақ тілінің ғылымдағы орны мен терминология мәселелері жөнінде баяндамалар жасады. Олардың қатарында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің тәрағасы Е.Тілешов, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры А.Фазылжан, профессорлар Ш.Құрманбайұлы, Ш.Ибраев, Н.Матжани, сондай-ақ Юлай Шаммильоглу, Хамидолла Дадабаев, Абдылдақан Акматалиев сынды түркі әлемінің белгілі ғалымдары болды. Олар ғылым тілін дамыту жолдары, қазақ тілінің ғылымдағы орны, жалпытуркітік терминология және тілдік зерттеудердің маңызы туралы баяндауда.

Симпозиумда жасанды интеллект пен терминологияның өзара байланысы қызу талқыланды. ЖИ технологияларының дамуымен жаңа терминдер

пайда болуда. Бұл терминдер ғылыми әдебиетте, инженерия мен бағдарламалау саласында жиі қолданылып келеді. ЖИ жүйелері тілді менгеріп, адаммен қарым-қатынас орнатқан сайын олардың тілдік қоры кеңейіп, ғылыми терминология дамиды. Ғалымдар қазақ тілінің бай мұрасын жасанды интеллект технологияларына бейімдеу қажеттігін атап өтті.

Симпозиум аясында 16 томдый «Асыл ағаш, Асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары» еңбегі мен «Ата жүрттан ана жүртқа – білім көпірі» жобасы аясында түрк тілінен қазақ тіліне аударылған 10 оқулықтың тұсауы кесілді.

Симпозиум секцияларында өткен «Workshop 1» семинары жас зерттеушілер мен ғалымдарға академиялық мақалалар жазудың қыр-сырын ашып көрсетті. Семинар барысында мақалалардың сапасы, ғылыми журналдарға жариялану талаптары мен академиялық этиканың негізгі ұстанымдары кеңінен сөз болды.

Ғылым – тек жаңа дерек пен дәлел ғана емес, сонымен қатар, жауапкершілік пен адалдықтың да алаңы. З сөүір күні өткен семинар осы қағиданы тағы бір мәрте дәлелдеді. Жиынға Түркия мен Қазақстаннан танымал басылымдардың редакторлары қатысып, өз тәжірибелерімен белісті.

Семинарда алғашқы болып сөз алған «Түркият мәстуасы» журналының редакторы Эмине

Темел Алемдар ғылыми мақала жазу үдерісін егжей-тегжейлі түсіндіріп берді. Оның айтуынша, мақаланы жазбас бұрын зерттеуші таңдаған журналдың соңғы бес жылдық басылымдарын мүқият қарап шығуы қажет.

Симпозиумға қатысушылар Ozge Eric креатив хабы мен университеттік студенттік театры үйімдастырылған «Мың заман – бір Түркістан» қойылымын тамашалады. Қойылымда Қорқыт Ата, Әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Абай мен Алаш арыстарының тарихи жолы бейнеленіп, қазақ рухының беріктігі мен Түркістанның түркі халықтарының рухани ордасы ретіндегі орны көрсетілді.

Қойылым сахналық безендірулермен, дыбыс режиссерінің жұмысымен, әртістердің кім үлгілері мен сахнадағы әсем хареографияның әсемдігі арқылы жоғары бағаға ие болды. Тиісінше премьераны тамашалауға келген адамдар да лық толы болды.

Үш күнге созылған ғылыми басқосу зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, оқытушылар мен студенттер үшін маңызды пікірталас алаңы болды. Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі дамуы еліміздің білім беру жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуіне және халықаралық бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға ықпал ететіндігі атап өтілді.

«Ясауи ақпарат».

ҒЫЛЫМНЫҢ ӨЗЕГІ – ЭТИКА

Симпозиум секцияларында өткен «Workshop 1» семинары жас зерттеушілер мен ғалымдарға академиялық мақалалар жазудың қыр-сырын ашып көрсөтті. Семинар барысында мақалалардың сапасы, ғылыми журналдарға жариялану талаптары мен академиялық этиканың негізгі ұстанымдары көнінен сөз болды.

Ғылым – тек жаңа дерек пен дәлел ғана емес, сонымен қатар, жауапкершілік пен адалдықтың да алаңы. Симпозиум аясында өткен семинар осы қағиданы тағы бір мәрте дәлелдеді. Жиынға Түркия мен Қазақстанның танымал базылымдардың редакторлары қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Семинарда алғашқы болып сөз алған «Түркият мәстуасы» журналының редакторы Эмине Темел Алемдар ғылыми мақала жазу үдерісін ежей-төгжейлі түсіндіріп берді. Оның айтуыша, мақаланы жазбас бұрын зерттеуші таңдаған журналдың соңғы бес жылдық басылымдарын мұқият қарап шығуы қажет. «Мақала тек мазмұны жағынан емес, құрылымы мен стилі түрғысынан да журнал талаптарына сай келуі керек» деді ол. Сонымен қатар, Алемдар зерттеушілердің бұрынғы еңбектерге

сыни көзben қарап, тың идея мен жаңа көзқарас ұсынуы маңызды екенін атап етті.

Редактор мақалалардағы сілтемелер мен әдеби аталымдардың дәлдігіне де ерекше назар аударды. «Ғылымда сенімділік бәрінен бік тұрады. Бір ғана қате – бүкіл еңбектің құнын түсіруі мүмкін», – деді.

Кезекті сөз алған «Түрік мәдениеті және Хажы Бекташ Уәлиді зерттеу журналының» өкілі Месут Каракұлақ қазіргі заманғы ғылымда жасанды интеллект құралдарының рөлі артып келе жатқанын айтты. Алайда бұл жаңашылдық академиялық адалдық ұстанымдарын елемеуге негіз болмауы тиис. «Иә, жасанды интеллект – кемекші құрал. Бірақ зерттеуші өз еңбегінде қандай әдістерді пайдаланғанын ашық көрсетуге міндетті» деді Каракұлақ. Ол сонымен қатар ғылыми мақалалардың ақысыз қолжетімділігі – бүкіл қоғамның игілігі екенін тілге тиек етті.

Түркиялық «Bilig» журналының редакторы Фырат Пурташ семинар барысында дәйексөз мәсесесіне ерекше тоқталды. Оның айтуыша, ең аз дегендеге бес сөз өзге еңбектен алынған болса да, дереккөз міндетті түрде көрсетілуі қажет.

«Бұл – тек ереже емес, ғылымның ар-ожданы. Әрбір автор өз сөзінің ғана емес, өзге біреудің еңбегіне деген құрметтің де үлгісін көрсетуі керек» деді Пурташ.

Академиялық әлем кейде сандар мен сілтемелерге толы құрделі шындық болып көріні мүмкін. Бірақ осы шындықтың түп тамырында адами қасиет – адалдық жатыр. Түркістандағы бұл семинар – болашақ зерттеушілердің тек білімді емес, сонымен қатар, ұтыы биік, жауапкершілігі зор ғалым болуына жол ашады. Ғылым жолы – жарыс емес, ізгілікке бастайтын сапар. Бұл жолда адалдық – басты бағдаршам.

Қорытындылай келе, секция мәжілісіне қатысушылар ғылыми мақаланың сыртқы құрылымынан бастап, ішкі мазмұнына дейінгі барлық кезеңде академиялық этиканы сақтау қажеттігін толықтай ұфына алды. Мұндай жиындар жас ғалымдарға бағыт-бағдар беріп қана қоймай, ғылымға деген сенім мен құрметті қүшейте түсетіні сөзсіз.

**Юнус Озкан,
Нұрдәulet Қерібаев
3-курс студенттері.**

САХНАДА - «МЫҢ ЗАМАН - БІР ТҮРКІСТАН»




Ахмет Ясауи университетінде ректор Жанар Теміrbекованиң бастамасымен «Мың заман – бір Түркістан» спектаклі сахналанды. Жобаның ғылыми көнешшісі ҚР Сенаты депутаты Дархан Қыдырәлі, шығарма авторы Сандуғаш Баймаханқызы. Қойылым режиссері Шырын Мұстафина болса, көркемдік жетекшісі Тоғжан Құрманқызы.

Тарихи маңызымен ерекшеленетін қойылымда өнер факультетінің жас әртістері ұлы тұлғалардың қайта тірілткендей. Сектакльде Ахмет Ясауи, Абай Құнанбайұлы, Әлішер Науай, Юнус Емре сынды тұлғаларды сомдады. Дайындық барысында танымал киноөртіс Азиз Бейшеналиевтің мақтау естіген жастар, өз рөлдерін қалың көрерменге әсерлі жеткізді. Бұл қойылым сахналық безендірумен, дыбыс режиссерінің жұмысымен, әртістердің киім үлгілері мен сахнадағы қозғалыс үйлесімі арқылы көрерменді баурап алды. Премьера тамашалауға келгөн адамдар залға лық толды.

Жалпы мұндай премьералар Ахмет Ясауи университетінде жиі болмаса да біріншісі емес. Бұған дейін «Ахмет Ясауи», «Пай-пай, жас жұбайлар-ай!», «Тұған күн» сынды спектакльдерді болашақ актерлер сөтті сахналаған болатын.

**Дидар Асылханов,
3-курс студенті.**



Жуырда университетіміздің Жаратылыстану факультеті, Экология және химия кафедрасының PhD, доцент м.а., аға оқытушысы Берді Динара Кадирханқызы елімізде алғаш рет отандық әйел-ғалымдарға арналған академик Нәйлә Базанова атындағы марапатқа ие болған еди.

Педагогика және психология бойынша PhD, доцент міндеттін атқарушы Динара Бердінің ғылыми қызығушылығы – цифрлық гигиена мен кибербуллинг мәселелеріне арналған. Қазіргі таңда «Болашақ мұғалімдерді даярлау мен химияны оқытуда цифрлық технологияларды тиімді пайдалану» және «Кибербуллингтің алдын алу және цифрлық гигиенаны қалыптастыру мәселелері» тақырыбында зерттеулер жүргізіп келеді. Scopus базасында 11 мақаласы, Комитет тізіміндегі журналдарда бірнеше жарияланымы бар әріптесімізben сұхбатты назарлараңызға ұсынамыз.

Динара Берді:

«Кибербуллингпен күрестегі басты құраДап – цифрлы гигиена»

– **Динара ханым, ғылым жолына келуіңізге не әсер етті?**
– Әулетімізде ғылым жолына алғаш аяқ басқан мен болдым. Ата-анам қарапайым адамдар, бірақ менің оқуға, білім алуға деген ниетімді қолдады. Студенттік кезеңде маған жол көрсеткен әрі бағыт берген ұстазым – Ұлжанғас Айменова. Ол кісі бакалавр мен магистратурада ғылыми жетекшім болды. Осы университетінің түлегімін, магистратураны осында тәмамдадым. 2012–2015 жылдары педагогика және психология мамандығы бойынша докторантурасына түсіп, «Жаратылыстану пәндерін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану» тақырыбында докторлық диссертациямды қорғап, PhD дәрежесін алдым. Химия пәнін оқыту мысалында зерттеу жүргіздік.

2016 жылдан бастап университетте оқытушылық қызметке кірістім. Қазіргі таңда екі мемлекеттік гранттық жоба аясында жұмыс істеп жатырмын. Бірі – 2022–2025 жылдар, екінші – 2024–2026 жылдар еншіндегі жоба. Екеуі де жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг мәселесіне арналған. Бұл тақырыппен 2020 жылдан бастап айналысып келемін. Қазір осы бағытта жоғары деңгейлі көсіби ко-

мандамен жұмыс істеп жатырмыз.

– **Кибербуллингті толық жою мүмкін емес шығар? Зерттеуіңіздің нақты мақсаты қандай?**

– Иә, дұрыс айтасыз, кибербуллингті толық жою мүмкін емес. Цифрлық ортаның дамуы – қоғамға он әсермен қатар теріс әсерін де тигізіп жатыр. Бұл пандемия кезінен кейін қатты өршіді. Себебі бәріміз цифрлық технологияларға өтіп, салдарынан интернет желісін көп қолданып кеттік. Интернетке төуелділік артты. Цифрлық технологияны кейбірі сауатты, кейбірі бейберекет пайдаланды. Қоғамда жаппай қарқынды түрде интернетті, цифрлық технологияны қолдану белен алды. Әсіресе жасөспірім балалар. Сол кезде сабак та онлайнға көшті. Енді біздің зерттеуіміздің басты мақсаты – жасөспірімдерді цифрлық технологияны қауіпсіз әрі сауатты қолдануға үйрету, кибербуллингтің алдын алу. Бұл – бүгінде өте өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі таңда жасанды интеллект те жедел қарқынмен дамып келеді. Ол дамыған сайын кибербуллинг те күшінеді. Бұл ретте басты рөл – мектеп мұғалімдеріне тиесілі. Қазір университет қабырғасында тәрбиеlep жатқан студенттер – болашақ мұғалімдер. Оларға білім беріп қана қоймай, тәрбиені де беруіміз

керек. Болашақ мұғалімдерге кибербуллингті қалай алдын-алуға болатын жолдарын көрсетеміз. Осы жоба аясында «Қауіпсіз интернет» деген платформа жасал жатырмыз. Қазір негізі дайын, дегенмен әлде де толықтыруды қажет етеді. Сайт жарты жылдан кейін дайын болады.

Кибербуллингтің алдын алудың бірден бір жолы – дұрыс ақпарат беру. Сонымен қатар, ата-ана, мектеп және мұғалім үштігінің өзара ынтымақтастығы аса маңызды. Үш тарап бір мақсатта жұмыс істесе, нәтиже де соғурлым жақсы болады. Осы үшеуінің бірлесіп жұмыс істеуінің нәтижесінде кибербуллингтің алдын алып, салдарын азайтуға болады. Осы үшеуі бір идеяда, бір көзқараста болса ғана, нәтиже шығады. Және де цифрлық гигиенаны қалыптастыру қажет. Бұл дегеніміз – әлеуметтік желіні сапалы, саналы түрде өз пайдасына жарата білу. Буллинг XX ғасырдың басынан белгілі. Басында мазақтау сынды жеңіл түрде болды. Кейін келе үрып-соғуға үласты. Сосын цифрлық дамумен бірге бұл кибербуллингке жалғасты. Қазір балаларды шеттету үшін WhatsApp-тағы топтарынан шығарып тастанады. Нағыз – кибербуллинг бастауы осы. Бұл балаға үлкен травма алып келеді. Бала түгілі үлкен адамдарды да мазалайды.

WhatsApp-тағы топ баланың нағыз ортасы. Себебі балалар сол жерде әңгімелеседі, сол жерде жоспар құрады. Ал шығарып жіберген бала әңгімеге араласа алмай, оқшауланып қалады.

Көбіне қай жастағы балалар кибербуллингке үшірайды?

– Жасөспірім кезең – 11–15 жас аралығы. Соның ішінде 11 жастағы балалар көбірек кибербуллингке үшірайды екен. Бұл жас – баланың жасөспірімдікке енді қадам басып, өзін-өзі тануға бет бүрған кезеңі. Мұндайда гормоналдық өзгерістер, психоэмоциялық тұрақсыздық болады. Сол кезде гормандар ойнайды, басқа да құбылыс әсерінен бала өзін қалай ұстая керек екенін жасөспірім кезеңнен қалай өту керек екенін білмейді. Бұл жастағы балалар интернетті де 15 жастағыларға қарағанда сауатсыз қолданады. Ал 15 жастағы бала өзінің бойында болып жатқан өзгерістерге бейімделе алады. Интернетті де 11 жастағы баламен салыстырғанда сауаттырақ қолданады.

Ата-ана тарапынан бақылау әлсіресе, бала кибербуллинг құрбаны болуы мүмкін. Жалпы бала мектептен келген соң, оның көңіл-күйіне қатты назар аудару керек. Өкінішке қарай, ата-аналар көбіне жұмысбасты, балаға көңіл бөлмейді. Баламен тілдеспейді. Жан дүниесіне үңілмейді.

– Баланың қандай белгілерінен назар аудару арқылы оған көмектесе аламыз?

– Біз баланың көңіл-күйі мен эмоциясын білген кезде, оған көмектесе аламыз. Егер эмоцияның алғашқы әсер-белгісін өткізіп алсақ, онда көп жағдайдан қалып қоюымыз мүмкін. Бала кибербуллинг немесе буллингке үшіраганда бірінші күні көңіл-күйі болмауы мүмкін. Екінші күні де көңіл-күйі болмауы мүмкін. Егер соның бәрін біз назардан тыс қалдырасқ, бала үшін буллингке үшірыа қалыпты жағдайға айналып кетеді. Себебі оған үйінде де ешкім назар аудармайды. Мектепте бәрі қысым

көрсетеді. Сонда ол бала «мен нашар адам екенмін, ешкімге керегім жоқ екен ғой» деген ойға қалады. Кибербуллингке әлжуаз, әлсіз, ата-анасының назарынан тыс қалған балалар, вундеркинд балалар, мұғалімдердің «сүйікті» балалары жиі үшірайды. Жақсы оқытын, белсенді балалар да үшірауы мүмкін. Немесе сіздің балаңыз кибербуллинг жасаушы, агрессор болуы да мүмкін. Балам

– Иә, дұрыс айтасыз, мектепте психологтар жеткіліксіз. Егер мүмкін болса, бастауышқа 1 психолог, 5-7 сынып аралығына 1 психолог, 8-11 сынып аралығына 1 психолог бекітіндер деп айттар едім. Себебі қазіргі болып жатқан өзгерістің бәрінің алдын алуға психологтардың көмегі тиеді. Эрине, олар психологияны оқыған, кәсіби маман болса. Қосымша курс оқып алған адам емес, сол саланы



тек қана құрбан болуы мүмкін деп қарамау керек. Бала соны көрсетуші болуы да мүмкін. Біз оны да үмітпауымыз керек. Бала кибербуллингтің күегері, не бақылаушы болуы да мүмкін. Кибербуллингке қатысушылардың бәрінің бір белгісі бар, олардың бәрінде өз-өзіне деген сенімнің тәмемдігі. Содан кейін – ата-анасының жеткілікті көңіл бөлмеуі. Ата-ана баласы ашуланса, «ой, ол балада өтпелі шақ, сол үшін мінезі бұзылып жүр» деп қоя салады. Бұлай болмауы керек. Баланың көңіл-күйі бәрінен хабар береді. Соны назарға ұстая керек. Пән мұғалімдері де тек сабағын ғана өтіп қоймай, баланың көңіл-күйіне назар аударуы қажет.

– Кибербуллингті дер кезінде анықтау үшін мектеп психологтарының да рөлі зор. Бірақ, өзініз білесіз, мектепте психолог маман жеткіліксіз, әрі олардың біліктілігі қандай? Бұған не дейсіз?

толыққанды оқыған маман болса дұрыс болар еді. Мектептің міндеті – саналы, дұрыс үрпақ тәрбиелу. Осы жолда психологтардың көп көмегі тиеді. Кибербуллингті дер кезінде анықтағанда да психолог көмегіне жүгінеміз. Себебі олар баладағы басқа да мұғалімдер байқай бермейтін өзгерісті сауалнамасын жүргізу арқылы анықтай алады. Кейір бала өзінің буллингке үшірып жатқанын, агрессор болып жатқанын мейлінше жасырады. Ата-ана да сауатты болу керек. Бала тәрбиелеп отырған ата-ана телефон қолдануды, компьютер қолдануды баласынан да жақсы білуі керек. Баланың немен айналысып жатқанын білуді тек мұғалімге ысырып қоя салуға болмайды.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан:
Жанерке Хұмар,
Журналистика кафедрасы

П.Адиева:

«РЕДИНГТЕ ЕҢ ҚҰРМЕТТІ ТҮЛҒА – ОҚЫТУШЫ»

Өткен жылы «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанған әріптестер - Пәкізат Адиева, Ерлан Жиенбаев, Гүлбану Көшеноға Ұлыбританияның Рединг университетінде «Білім берудегі менеджмент» ғылыми бағыты бойынша тағымдаштарын сәтті аяқтады. Әлемнің үздік жоғары оқу орнында 1 жыл ғылыми тағылымдашдан өтіп келген әріптестеріміздің бірі Пәкізат Адиевамен тәжірибелерін бөлісу түрфысында сұхбаттасқан едік.



– Эрбір университеттің негізгі жұмыс күші оқытушылар екені даусыз, тағымдашдан өткен университеттің оқытушыларын бізben салыстырып көрініші. Жалпы қандай үйренетін нәрселер бар, білімнің қандай жаңа түрін мемлекетдің?

– Біз баған Рединг университеті негізі 1892 жылы қаланған. Университет Ұлыбританиядағы ең жасыл кеңістіктегі орналасқан. Метеорология, ауыл шаруашылығы, бизнес, жасанды интеллект және гуманитарлық ғылымдардағы жетістіктерімен танымал бүл университетте бүгінде 27 000-нан астам студент оқиды. Біздің баған бағытымыз Білім берудегі менеджмент саласы. Демек, көшбасшылық. Көшбасшылық деген міндепті түрде басшы болу деген сөз емес, онсыз да оқытушы аудиторияны басқарып отырған адам. Дегенмен жаңа дәүірдің көшбасшысы туралы айттылған лекцияларды тыңдалап отырғанда Құнанбай мен Абайдың диалогы ойыма түсті. Құнанбай үш нәрседен ұлына көнілі толмайтын жері бар емес пе, соның бірі жайдақ сусың және ел басқару үшін мысың болу керек дейтін сыны. Сондағы Абай: Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп айтам деуші еді ғой. Абай уәж сөзінде «қазіргі ел бұрынғы көрбалалықтан, нашар момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды» деуші еді. Иә, бүгінде қорқытып, үркітіп,

бюрократиялық басқару заманы келмеске кетті, деді лекторлар. Фасырлар өтсе де Абай атамыңың сөзі актуальды. Сол сәзді, сол қағидатты ағылшындар қайталап отыр. Жалпы теориялық жақтан қалып бара жатырмыз дей алмаймын, бірақ практикалық нәтижелер жөнінде сабак алатын біраз тұстары бар.

– Ол университетте оқытушының статусы қандай?

– Оқытушы мәртебесі ете жоғары екен. Оқытушы ЖОО-дағы ең құрметті тұлға. Тұлғага тісі батып ештеңе дей алмайды. Тек өтініш арқылы қарым-қатынас жасайды екен. «Біз енді басшылықта емеспіз, бізге керегі білім берудегі әдістеменің жағдайы. Соны көріміз келеді. Дәрістерге кіргіміз келеді» дегенбіз. Ол өтінішіміз алты айдан кейін ғана орындалды, себебі, оқытушының рұқсатының бірде бір жан сабағына бас сұғып кіре де, тексере да ала алмайды екен. Оқытушылар арасындағы сыйластық, басшылардың өрескел мінез көрсетуі немесе лидерлердің өзін жоғары санауы сияқты әрекеттер тіptі, байқалмайды. Көрінше, сол басшылардың өзі оқытушыларға қызмет етеді.

Университет, кампус, оқу бағдарламасына климаттық тақырыптарды енгізу маңыздылығын атауға болады. Әр пәннің тақырыптарында климаттық білім болу керек. Сосын инклузияға басымдық береді. Өмір сүру салттымыздың өзі инклузия екенін түсіндік. Бағалау мәселе сіне де ете үқыпты

қарайды екен. Студенттің білімін бағалау үш түрлі бағытта: «Оқу мақсатын бағалау»(AfL), «Оқу процесін бағалау» (AaL), «Оқудың нәтижелерін бағалау» (AoL). Біздегі ЖОО немесе жалпы орта мектептерінде көп айтылатын мәселе академиялық адалдық. Қазақстаннан баған оқытушылар осы мәселеге байланысты сұрақ қойды. Біз баған университет педагогикалық бағыттағы ЖОО болғандықтан мектептермен байланыс ете жақсы екен. Мектепке қатысты сұрақтар да көп қойылды. Мектеп басшысының, жалпы жұмыс орнындағы туыстардың қатынасы қалай, жұмысқа зиянды жақтары бар ма, мұндай жағдайда мәселені қалай шешесіздер деген сияқты. Сонымен қатар ЖОО-дағы емтихан процестеріне байланысты сұрақтарымызды Рединг университеттің лидерлері, әдвайзерлері түсінбеді де. «Ол біз бас қатыратын емес, арнайы органдар айналысатын шаруа. Мұндай мәселелер тәжірибе кездескен емес» деп жауап берді. Бұл нени көрсетеді? Бұл біздің жүйе мен олардағы білім беру жүйесіндегі көп алшақтықты аңғартады...

Оқу жүйесінде триместр, екі семестрлік оқу жүйелері қатар жүреді. Міндепті түрде диплом жаздың уақытында бір мезгілде берілу керек деген үғым жоқ. Оқытушы кестесі платформалар арқылы түзіледі. Ол оқытушының рұқсатымен, оқытушының уақытына тиімділігіне қарай шешім қабылданады. Оқытушы мен

студент арасында субардинация сақталған. Жоғарыда айтқанымыздай ең құрметті тұлға – Оқытушы! Жұмыс барысында кейде тәжірибеде кездесетіндегі: кандидат емессің, доцент емессің деп қарабайыр сөздер де айтылмайды. Ұққанымыз: тұлға өз жетістіктері мен кемшіліктеріне өзі ғана жауапты болуы тиіс.

– Оқу процесі қандай, құжат айналымы, біздегідей қағаз-бастылық бар ма, студент пен оқытушының қарым қатынасы қандай? Жалпы, Рединг университеті қандай академиялық құрылымдарға негізделген?

– Барлық оқу процесі цифrlандырылған. Силлабус тікелей платформаға ендіріледі (pdf емес), қол қойдыру тіptен қажет емес, жасалған программаға тікелей ендіреді, болды. Барлық құжат жүйесі солай. Мысалы, біздегі үлгі бойынша ылғи «қатесі бітпейтін» практика құжаттары, шаң басқан архивтерге де сыймайтын тау-тау құжаттарды көрсө, ағылшындар қайтер еken деген ой келеді. Біздің елімізде де қағаз мәселесі кейбір университеттерде шектелген, бүкіл цифrlандырылған. Бұл ойланатын мәселе.

Университет ұжымы студенттермен үнемі 24/7 байланыс жасайды. Сабакта қатыса алмаған студенттер үшін YuJa жүйесінде дәрістерді конспекті жасауға болады; Blackboard платформасында сабактардың аудиожазбалары сақталады. Студенттерге жеке және академиялық мәселелер бойынша кеңес беріледі (Академиялық тьютор); Стресті басқару және бейімделу курстары мен тренингтері өткізіледі; Этикалық талаптар қатаң түрде сақталады.

Смартфондардың оқу корпусында қолданылмауы да сүйін-дірді. ОПҚ-ға да, студенттерге де әдвайзерлер корпоративтік поштамен байланысады еken. Академиялық ортамызда WhatsApp арқылы сөйлесу мүлде тиімсіз еkenі айтылды. Жоғарыда эко білім туралы сөз еттік және әр мамандықтың пөніне сала мамандары өсу керек еkenін айттым. Әсіресе педагогикалық мамандықтарда. Ол жақта

қағаздың артық қолданылуын экологиялық зиянды әрекет деп қабылдайды. Демек қағаз қолданудың өзі шектеулі.

– Университеттің цифрлық ресурстары мен платформалары қандай? Студенттер үшін онлайн ресурстарға қолжетімділік қалай үйімдас-тырылған?

– Оқу орындары студенттердің қазіргі тез өзгеретін өмірде белсенді азамат ретінде дайындауда маңызды рөль атқарады. Warpit - бұл онлайн-портал онда қызметкерлер университеттің қажетсіз жиһаздары, кеңсеге керек-жақтар мен кеңсе тауарлары туралы деректерді жүктей алады және пайдалану үшін сол жерде тіркелген кез келген заттарды қолдана алады, мұнда қайта пайдалану қызметкерлерге қажет емес жабдықты тапсырып, әсіресе зертханалардан жаңа қолдануға болатын заттарды табуға көмектеседі, осылайша портал заттарды қайта пайдалануға ықпал етеді және қалдықтарды азайтады. Future Learn- Онлайн курстары жетекші университеттер мен мамандандырылған үйімдардың мындаған онлайн курстары оқуға мүмкіндік береді, көпшілігі Рединг университеттінің қызметкерлері мен студенттері үшін тегін. Мұнда қысқа мерзімді онлайн курстар тамақ қалдықтарын азайту, бастауыш мектептерде климат пен тұрақтылықты оқыту туралы өртүрлі тақырыптарды қамтиды.

Университетте Red Sustainable Action Award сыйлығы беріледі, ол барлық студенттер үшін ашиқ және түрлі жобаларды жүзеге асыратын орын. Мұнда оқуды, іс-әрекетті және қоршаған ортаны сақтауды насиҳаттауды ынталандыруға бағытталған жұмыстар марараптталады.

Барлық аудиториялар жоғары технологиямен жабдықталған. Кез келген құрылғыны қолдану тетіктері орналастырылған. Оқытушының дәріс барысындағы дауыс жазу құрылғыларының дамуы ерекше. Себебі, тек өзге керексіз дыбыстар емес, оқытушының дауысы ғана естіледі.

– Оқытушың қандай әдістері

мен құралдары жиі қолданылады?

– Mentimeter, Zin, slido сынды платформаны қолданады. Топтық, жұптық жұмыстар университеттің негізгі әдістері. Жасанды интеллект технологиясын әрине, қолдайды, бірақ, шығармашылыққа үлкен мән береді.

Сервистік пәндер мүлде өтілмейді. Тек мамандық пәндері жүреді. Бірақ, педагогикалық пәндер коллаборация ретінде қосылады. Осы жерде айтатын нәрсе, үқсас мамандықтардың коллаборациясы деген дамыған. Мысалы қазақ әдебиетінен журналистика мамандығына, өнерге, педагогикамен коллаборация жасау. Осындай коллаборация университетте жақсы дамыған еken. Бұл да ойланатын мәселе, оқытушың үлгі аяларлық жүйесі деп ойлаймын.

Жалпы, біздің бұл сапарымыз көкірек көзімізді ашып, көп нәрсеге реалды қарастыруға үрретті. Көптеген дағыларды менгерген бізге, расында үлкен сабак болды. Дегенмен, біз өз университетіміздің даму жолында дұрыс бағытта еkenін байқадық. Жүрген жерімізде, болған аймағымызда өз дәстүрімізді, өз университетімізді айтып жүрдік. Университетімізді таныстыруда өзіміздің сайтта ақпараттардың жүйелі, әр жаңалықтардың дер кезінде жарияланып отыруы бізге көп септігін тигізді. Сондықтан өз әріптерімізге, университет басшылығына көп рақметімізді айтамыз. Келген соң ректорымыз Жанаар Амангелдікізының және вице-ректор Эльмира Қайсарбайқызының қабылдаудың болдық. Айтылған ойларға өз көзқарасын білдірген басшымыз жаңа идеяларын айттып, ойларын жеткізді. Бұл біздің шетке шыққан алғашқы және соңғы да сапарымыз емес. Біз барлық үақытта өзіміздің Отанымыз үшін еңбектенуге әркез дайынбыз.

– Сұхбатыңызға рахмет, қайырлы білім пайдага жарап, ойға алғандарыңыз іске аса берсін.

Сұхбаттасқан, Әтіргүл ТӘШІМ.

Ахмет Ясауи университетті түркі дүниесінің білім-паз жастарын бір орталықта біріктірген қара шаңырақ іспетті. Мұнда түркі жұрттының 17 елінен, 30-дан астам ұлт пен ұлыс жастары білім алуда. Біз Ұлыстыв ұлы күні қарсаңында студент достарымызға өз елдерінде Наурызды қалай тойлап, қалай өткізіндегі жайында бірер сұрақтарымызды қойған едік.



Наурыздың қалай мөлдірділікке өзі?

**Нуриза Таалайбеккызы,
Қырғызстан:**

– Наурыз – Қырғызстанда көктем мен жылдың басталуын білдіретін мейрам. Бұл күні қырғыз халқы бір-бірін құттықтап, дастарқан жайып, ұлттық тағамдар өзірлейді.

Сүмөлек пісіру – мерекенің басты дәстүрлерінің бірі. Сүмөлек қайнатқанда адамдар тілек айтып, ниет етіп бірге дайындаиды. Ұлттық ойындар – көкпар (улак тартыш), арқан тарту, қыз қуу, күрес сияқты спорттық жарыстар үйимдастырылып, тойдың көркін қызыдырады. Халықтық серуендер мен концептер, ұлттық би, қоленер көрмелері өтеді. Туыстар мен достарды қонақша шақыру – адамдар бір-біріне қонақша барып, ақ тілектерін айтып, мерекені тұтас ел болып тойлады.

Наурыз – қырғыз халқы үшін бірлік пен жаңарудын мейрамы.

**Наталья Дьяконова,
Саха Республикасы:**

– Бізде Наурызға ұқсас ылғылақ мерекесі бар. Бұл мереке табигаттың жаңауры мен жаңа жылдың басталуын білдіреді. Бірақ біз оны жазда, 21 маусымда атап өтеміз. Күннің ен үзарған мезгілі маусым айының 21-і күні саха халқы үшін жылдың басы саналады. Бұл күні халқымыз ұзақ қыстан кейінгі кеңшілікке, жаз маусымына аяқ басып, арқа-жарқа болып ұлттық тағамдар

өзірлеп, бір-бірін құттықтап мәре-сәре болып тойлады.

Бұл мерекеде дүға жасау, мол дастарқан жайылып, қымыз ішіп, ән айтып, би билеп, ұлттық ойындары, спорттық жарыстар, әсіресе көнеден келе жатқан жауынгерлік ат спорты жарыстары және «коюохай» (хоровод) сияқты рәсімдермен өтеді.

**Шойста Садрэддинова,
Өзбекстан:**

– Наурыз Өзбекстанда кеңінен тойланатын, көктем мен жаңарудың мейрамы. Наурыз мерекесіне дайындықта адамдар үйлерін тазалап, сәndeuge кіріседі. Айналага тал-дарақтар егіп, аулаларын, көшелерін тазалап дайындық жасайды. Наурыз мейрамында бізде сумалак тағамы дайындалады. Сумалак – бұл дәндерден (негізінен бидайдан) дайындалатын дәстүрлі тағам. Ол – Наурыздың символы іспетті. Оны дастарханға қойып, туыстар мен достармен беліседі. Сумалактың дәмі мен оның дайындалу процесі адамдарды біріктіреді.

Салт-дәстүрлерге келсек: Сумалак дайындау кезінде ән айту, би билеу және жақсы тілектер айтуда үрдісі бар. Жүртшылық бір-біріне бақыт, денсаулық және молшылық тілейді. Наурызда тек жақсы тілектер айтуда, «Наурыз құтты болсын!» деп құттықтайдай.

Асадуллах Мохаммади, Ауғанстан:

– Ауғанстанның әр түкпірінде Наурыз ерекше салт-дәстүрлермен атап өтіледі. Халық ойын-сауық орындарына барып ұлттық ойындар – мысалы бузкаши мен челек дәнде ойнайды. Біздің халқымыз Ауғанстанда Наурыз мерекесін өте жылы әрі мәнді дәстүрлермен атап өтеді. Ең алдымен, үйлер мұқият тазаланып, дайындалады, жаңа киімдер киу салтымыз. Содан кейін, отбасылық ынтымақтастық пен махаббатпен соманк сияқты дәстүрлі тағамдар дайындала бастайды. Наурыз күні отбасылар мен жақын туыстарды мейірімділікке бастайды. Бұл мейрам өзара ізгі тілектермен қарым-қатынастарды нығайту үшін тамаша мүмкіндік. Осы рәсіммен қатар, дәстүрлі музыка, ұлттық билер және мәдени ойындар мерекенің атмосферасын әрлей түседі.

Ал Мазар-Шарифте «Жәнде Бала» деген керемет рәсімі өткізіледі. Наурызда барлығы мол береке мен бейбіт жыл болсын деп дүға өтеді. Ауған жеріндегі Наурыз жайғана мереке емес, ол бейбітшлік пен берекелі емірге деген үміттің хабаршысы.

**Дайындаған:
Чынара Иқтиярқызы,
3-курс студенті.**

Ясауи университеті
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРИНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрк университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас окуғимаралы 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassawi@mail.ru

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының
студенттері

Көркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВ

Фото маман:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және көрі кайта-

рылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 компьютерлік беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, макалалары, ашық хаттары мен үндесулері редакцияның көзқарасын билдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

**Газетті есепке қою
туралы**

№11180-Г күелікті 2010
жылы 4 қазанда Казақстан
Республикасының Байланыс
және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қантарынан бастап
«Ясауи университеті» газеті
электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.